

## 2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 51 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 5361 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (он екі ай және одан да көп);  
елу жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Н. Тұрабековқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Э. Күзенбаев*